

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы, 2005
2. Қожамқұлова Ж.Ж. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар». Алматы, 2013.
3. Бұзаубақова К.Ж. «Инновациялық педагогика негіздері». Алматы, 2009.

ӘОЖ 37

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ОҚУҒА ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДА САРАЛАП ЖӘНЕ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Әшім Балнұр Қанатқызы

ashimbalnur07@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «7М01524 География педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Мусабаева М.Н., г.ғ.д., профессор

Мұғалімнің өміріндегі сәтсіз сәттер – проблемалық сұрақтарға, қызықты деректерге, түрлі әдіс-тәсілдерге толы сабақтан кейін кейбір оқушылардың сіздің түсіндірмеңізден ештеңе түсінбей, өз партасында 45 минут уақытын босқа өткізгенін байқаған кезі болып табылады. Жоқ, олар аландамады, олар басқалармен бірге жұмыс істеді. Сонда сұрақ туындайды: «Себебі неде? Неге?». Бұл сұрақтың жауабы: сыныпта оқушылардың интеллектуалдық және жеке қабілеттері әртүрлі, оқуда бірдей үлгерім болмайды. Педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру және оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге кепілдік беру мақсатын қоятын педагогиканың бағыты. Педагогикалық технологиялардың әртүрлі салаларының ішінде, менің ойымша, ең әмбебап болып білім берудің тұлғалық-бағдарлы сипатына негізделген саралап және деңгейлеп оқыту тәсілі болып табылады.

Саралап және деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты – әр үйренушінің қабілетіне, өзіндік ерекшелігіне, мүмкіндігіне қарай топтастырып оқыту. Оқытуды түрлі топтарына, білім деңгейлеріне, қабілеттіліктеріне, өзіндік ерекшеліктеріне қарай бейімдеу, ыңғайлау, берілген тапсырманың саралануы. Деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың азаю арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асады. Бұл технологияның мақсаты әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етеді. Ғалым В.П. Беспальконың айтуы бойынша, технология бұл практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе. Саралап және деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша оқушылардың білімін тексеруге болады. Яғни тапсырмаларды қайталауға арналған бірінші деңгей өнімді іс - әрекетті қажет ететін жоғарғы деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. Бұл төрт деңгейге бөлінеді:

- бірінші деңгей – міндетті оқушылық;
- екінші деңгей – алгоритімдік;
- үшінші деңгей – эвристикалық;
- төртінші деңгей – шығармашылық.

I деңгей – оқулықта берілген өтілген тақырып немесе тарау бойынша үй тапсырмасы сұрақтарынан құрылады, яғни мемлекеттік оқу стандарт жүйесіндегі білуге тиісті білімді қамтиды.

II деңгей – сол тақырып немесе тарау бойынша тапсырмалар мәліметтер көлемін арттырып, негізгі өтілген тақырыпты тереңірек түсінуге бағытталады. Қосымша мәліметтер бірінші деңгейде алған білімді кеңейтіп, тиянақтап, дәлелдеп, бастапқы мазмұнын нақтылап, ұғымдардың қалай қолданылатынын көрсетеді. Мұнда берілген тапсырмалар бірінші

деңгейдегі тапсырмадан қарағанда күрделі болады. Викториналық сұрақтар, географиялық диктант түрінде қоюға болады.

III деңгей – пән бойынша эксперименттік, шығармашылық ізденіс жұмыстарынан тұрады. Үшінші деңгейдегі сұрақтар екінші деңгейге қарағанда күрделі болып келеді. Мұнда танымдық – эвристикалық түрдегі тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар алғашқы білімдерін жетілдіріп, тереңдету керек. Мұнда тәжірибе жасап, экологиялық проблемаларды шешуге дағдыланады.

IV деңгей – олимпиадалық деңгейдегі тапсырмаларды орындайды. Бұл деңгейдегі тапсырмаларды тек өте жақсы оқитын оқушылар ғана орындай алады [1] [2].

Зерттеу жұмысына Астана қаласында орналасқан мектеп-лицейінің 7 «в» сынып оқушылары қатысты. «Дүниежүзі халықтарының діни құрамы тақырыбына» арналған сабақтың мақсаты дүниежүзі діндері ұғымын түсіну, таралу аймақтарын анықтап картаға түсіру, діндердің ерекшеліктерін сипаттап талдау жасау болып табылады. Басқа балаға немесе топқа ұқсас бірде-бір бала жоқ. Балалар әртүрлі қабілеттермен дүниеге келеді. Әрбір баланың қабілеттерінің, темпераментінің, мінезінің, ерік-жігерінің, ынтасының өзіндік жеке үйлесімі болады. Бұл ерекшеліктер дамиды, өзгереді және түзетілуі мүмкін. Әрбір баланың оқуы оған қолжетімді деңгейде және ол үшін оңтайлы қарқынмен өтетіндей оқу процесін ұйымдастыру сабақта саралап және деңгейлеп оқытуды қолдануға мүмкіндік береді. Ең әуелі, білім алушылардың әлеуетін зерттеймін. Алғашқыда оқушыларды ең қарапайым ақпаратты қабылдау қабілетіне қарай 3 топқа бөліп алдым: аудиал, визуал, кинестетик. Қолдауды қажет ететіндігі /етпейтіндігіне қарай топтастыруға, жұптастыруға болады. Және өз бетінше жұмыс істей алу қабілеттеріне қарай жеке жұмыстарды дайындау ұсынылады. Осы және бұдан да басқа ерекшеліктерді ескере отырып дайындалған тапсырманы сұранысқа қарай бейімдеу қажет [3] [4]. Сыныпта аудиалды оқушыларға арналған тақырыпқа сай аудио материал беріліп, тыңдағаннан кейін тыңдап түсіну қабілетін тексеруге арналған тапсырмалар беріледі. Визуалдарға арналған оқушыларға қысқа видеоны тамашалау ұсынылады, ал кейін өздерінің тақырыбына сай постер құрастыруға тапсырма беріледі. Үшінші топ оқушылары атласты пайдалана отырып, контур картада берілген тапсырманы орындайды.

«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтары беріледі. Бұл жерде саралаудың «диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір оқушыларға көмек ретінде жетелеуші сұрақтар қойылады.

Оқушыларға сабақ барысында таратылған мәтіндер мен өздері сызған кескін карталарына сүйене отырып, Блум таксономиясына негізделген «Блум түймедағы» (ислам, христиан, буддизм) арқылы сұрақтарға жауап беру арқылы инфографика әзірлеу тапсырмасы беріледі:

- Білу: дін атауы.

-Түсіну: басты ерекшелігі.

-Қолдану: картада белгілеңіз.

-Талдау: кез келген өз таңдау бойынша басқа дінмен салыстыру.

-Жинақтау: адамзат толықтай діннен бас тартуы мүмкін бе?

-Бағалау: болашақта дінге сенушілер саны қаншалықты өзгереді? Баға беріңіз.

Сәйкестендіру тапсырмасы: Елдер мен дінге сенушілердің басым бөлігі арасындағы сәйкестікті орнат.

1	Мұсылман	a	Қазақстан
2	Христиан	b	Ресей
3	Индуистер	c	Израиль
4	Иудаистер	d	Үндістан

Сабақты қорытындылау мақсатында сөйлемді аяқтауға арналған рефлексия берілді:

1. Бүгін сабақта алған білімді мен қолдана аламын.
2. Бүгін мен үшін қызықты болды.
3. Мен сұрақта қиналдым.

Нәтижесінде, оқушылардың сабақтың қай тұстары олар үшін қиындық тудырғанын немесе қай жері қызықты болғанын көруімізге болады. Сабақтағы зерттеу нәтижесі бойынша, осыған дейінгі сабақтарға белсене араласпайтын оқушылар қызығып, өз ойларын еркін айта отырып, жаңа тақырыпта берілген бар ақпаратты қабылдауға тырысты.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:

- топ оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы;
- білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;
- оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы ;
- оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы;
- оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы;
- оқушы белсенділігінің оянуы;
- алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы;
- оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқытушыларға тиімділігі:

- деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы;
- оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі;
- білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі;
- оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы;
- оқушы мен оқытушының шығармашылық қызметін белсенді түрде дамытуы;
- дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы [5] [6].

Қорытындылай келе, ақпараттық және деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді әдістерін пайдалану арқылы білімге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау керек. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде дарынды оқушыларды анықтау және олармен жұмыс істеуге болады. Оқушы жүрегіне жол табу арқылы сабақтардың әрбір сәтін қызықты, ұтымды өткізу керек. Оқушыларды тек берілген мәліметті тыңдаушы емес ізденуші, зерттеуші өз ойын еркін дәлелдей алатын, пікірін ортаға сала білетін жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз. Оқушының бойындағы ынта-ықыласын жойып алмай, жеке дара қабілетінің дамуына мүмкіндік жасай отырып, қабілетін дамытып, шығармашылығын шыңдауға болады. Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке, жұпта, топта жұмыс істеу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қалыптастыру, оқушылардың ойына ерекше құрметпен қарау керек. Осы технологияны пайдалану арқылы оқушыларды өзін-өзі қадағалай алатын, іс-әрекетін ретімен орындап, өзін — өзі жетілдіретін шығармашыл, ізденімпаз тұлға қалыптастыра аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ж.У.Кобдикова «Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту)». 2002 ж.
2. Майк Гершон «Дифференциация түрлері. Дифференциациялаудың 80 түрлі жолы». 2014 ж.
3. Унт И.Э «Индивидуализация и дифференциация обучение»/ Педагогика.-1990.-С.192.
- 4.ЖунисбековаЖ. «Дифференцированное обучение учащихся»/Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований.-2015.-№11.-С.748-751
5. Кирсанов А.А. Индивидуализация учебной деятельности как педагогическая проблема. – Казань, 1982.
6. Концепция дифференциации обучения в средней общеобразовательной школе / под ред. В.М. Монахова, В.А. Орлова. – М, 1990.